



010000, Астана қ. Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 10
e-mail: transport@transport.gov.kz
12.06.2024-ғы № 02-2-20/405 ШЫҒЫС ХАТЫ

010000, г. Астана, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 10
e-mail: transport@transport.gov.kz

2024 жылғы 17 мамырдағы
№ 225 хатқа

Қостанай облыстық
мәслихатының депутаты
А. Жақсұғыловаға

Құрметті Аруна Рахметуллақызы!

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі, жоғарыда көрсетілген хатты қарастырып, келесіні хабарлайды.

Жолаушылар пойыздарында мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кедергісіз орта құруға қатысты

Жүргізілген қызметтік тексеру барысында Алматы-1-Қостанай қатынасындағы №43/44 жолаушылар поезының №16 вагоны көтеру механизмімен жабдықталмағаны анықталды. Көтеру механизмдер мен арнайы вагондар (мамандандырылған купе) жолаушылар пойыздарының штабтық вагондарында орналастырылған.

Қазіргі уақытта 62 маршрут бойынша 110 құрам жүреді. Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін арнайы вагондармен (мамандандырылған купе) 107 құрам қамтамасыз етілді.


Қалған 3 құрамға жеке тасымалдаушы қызмет көрсетеді және жаңа бағыттар болып табылады. Шарттың талаптарына сәйкес әрбір құрам үшін арнайы вагондар сатып алынады.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасау мақсатында 2023 жылы арнайы орындармен 11 вагон сатып алынды.

Ағымдағы жылы «ЗИКСТО» АҚ-мен 157 жолаушылар вагонын сатып алуға келісімшарт жасалды. Оның ішінде 14 вагонның арнайы купесі бар. Жеткізу 2024-2025 жылдарға жоспарланған.

Теміржол вокзалдарында мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кедергісіз орта құру құруға қатысты

2024-2028 жылдар аралығында мүгедектер арбаларын (134 бірлік), тактильді-дыбыстық мнемосхемаларды (48 бірлік), индукциялық панельдерді



(42 бірлік), шақыру түймелерін (91 бірлік), пиктограммаларды (158 бірлік), баспалдақ көтергіштерін (21 бірлік) жаңарту жоспарлануда.

Сондай – ақ, 2024-2027 жылдар аралығында 51 вокзалда күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Күрделі жөндеу барысында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп бірыңғай талаптар қамтамасыз етіледі.

Қазіргі уақытта мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз орта құруды ескере отырып, вокзалдарды күрделі жөндеуді қаржыландыру мәселесі қарастырылуда *(пандустарды, мүгедектерге арналған санитарлық-тұрмыстық үй-жайларды, демалыс бөлмелерін, арбаларды, көтергіштерді ұйымдастыру)*.

Астана вокзалында қол жүгін тасымалдау қызметін «Нұрмахамбет» жеке кәсіпкері көрсетеді. Қазақстан Республикасының Кодексінде және Заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өндірілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағаларды жеке кәсіпкерлер өз бетімен белгілейді. Осылайша, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ олардың баға саясатына араласу құқығы жоқ.

Вице-министр

М. Қалиақпаров

Орын.: Г. Әлиева

Тел.: 98 35 27

Эл. мекенжайы: g.aliyeva@transport.gov.kz